**Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыруда балабақша педагогтарына әдістемелік қолдау көрсету**

**Құрметті әріптестер!**

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін Республикалық тамыз конференциясының аясында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының панельдік секция отырысына қатысқаныма қуаныштымын. Барлық әріптестерімді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын! Отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілеймін!

Қызылорда облысында 667 мектепке дейінгі ұйым қызмет жасайды. Оның ішінде: 162 мемлекеттік (2628 педагог); 439 жекеменшік (2905 педагог) ; 76 шағын орталықта (365 педагог), яғни мектепке дейінгі ұйым желілерінде **5898 педагог** балалардың толыққанды дамып, сапалы білім алуы үшін ізденіспен жұмыс жүргізіп келеді**. Б**арлығы **59 мыңнан** аса бүлдіршін тәрбиеленуде.

Педагогтардың кәсіби өсуін қамтамасыз ету мақсатында Педагогикалық шеберлік орталығының Қызылорда қаласындағы филиалы мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Қызылорда облысы бойынша Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты базасында **2020 жылы 799 педагог (26%); 2021 жылы 514 педагог (17%); 2022 жылдың 6 айында 690 педагог (23%)** біліктілік арттыру курстарынан өтіп, барлығы **2003 педагог** құзыреттілігін арттырды. Жыл аяғына дейін 302 педагогты курстан өткізу жоспарланған.

Облыста Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген **Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін** іске асыруға бағытталған іс-шара жоспары бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізіліп келеді. **Модельдің 37 тармағын** іске асыру аясында 31 педагогтан тұратын облыстық мобильдік топ құрылған. Мобильдік топ мүшелері Қызылорда облысының 7 ауданында көшпелі семинарлар өткізіп, балабақша педагогтарымен кездесулер, семинарлар ұйымдастырды. Кездесу барысында білім беру процесін ұйымдастыру мен басқарудағы өзекті мәселелер көтеріліп, тиісінше әдістемелік бағытта қолдау көрсетілуде.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтарымен жылдам байланыс жасау, ақпарат алу немесе ақпаратты жеткізу мақсатында Қызылорда облыстық оқу орталығының мамандары мен балабақша әдіскерлерінің ортақ чаты құрылған. Чатта, фейсбук, инстаграм әлеуметтік желілерінде алдын-ала өткізілетін шаралар туралы ақпарат хабарланып, педагогтардың *«Aigeraerken» инстаграм аккаунтында* тікелей эфирде семинарларға қатысу мүмкіндіктері жасалып отыр.

Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қолдау көрсету, сонымен бірге балабақша педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік жасау мақсатында жоспарлы іс-шаралар өткізіліп, педагогтарға **онлайн-офлайн режимде** әдістемелік көмек көрсетіледі. 2021 жылы 63 шара өткізіліп, оған 5039 педагог қатысса, 2022 жылы 6 айда 32 шара ұйымдастырылды, 2535 педагог қатысты.

Қызылорда облыстық оқу орталығының мамандары мен мобильдік топ мүшелері шараларды ұйымдастыру барысында мемлекеттік, жекеменшік балабақша педагогтарының өзін танытуына жан-жақты әдістемелік қолдау көрсете

отырып, ұйымдастырылған оқу қызметтерін тиімді жоспарлау, заттық-дамытушы ойын аймақтарын ұйымдастыру, ата-аналармен ықпалдастықты күшейту бағыттарында ұсыныс-пікірлер айтады, кері байланыс жүргізеді. Әрбір өткізілетін семинар бағдарламасы жан-жақты пысықталады. Соның нәтижесінде мектепке дейінгі ұйым педагогтарының ынталанып, шығармашылықпен ізденуіне ықпал жасалады. Әдіскерлер, тәрбиешілер, арнайы мамандардың ашылуына барынша қолдау көрсетіліп отырады.

Осы әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру барысында **Балаларды Ерте Дамыту Институты сайтының** «ӘДІСНАМАЛЫҚ ӘЗІРЛЕМЕЛЕР» бөліміндегі құжаттарды басшылыққа алып, институт мамандарынан қажетті кеңес алып отыратынымызды, жалпы айтқанда, ортақ мақсатқа қол жеткізу барысында бірлесе ізденетінімізді ерекше айтқым келеді.

Мектепке дайындық сатысында баланың білім, білік, дағдыларын дамыту тәсілдерін өзгертуде педагог-психолог, логопед-дефектолог, музыка жетекшілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларына қолдау көрсету мақсатында айына 1 рет әдістемелік күн онлайн режимде өткізіледі. Шара барысында ПМПК мамандары, М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары колледжінің оқытушылары, М.Қалауов атындағы Қызылорда өнер мектебінің мамандары, мектепке дейінгі ұйым ардагерлері, тәжірибелі әдіскерлер кеңес беріп, «әдістемелік қолдау көрсету практикасы» жүзеге асырылып отыр. Әдістемелік күнде педагогтар чатқа жазады немесе тікелей сұрақ қояды. Іс-тәжірибесі ұсынылған педагогтың жұмысымен танысып, талқылайды. Мамандардан кәсіби кеңес алады.

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметін ұйымдастыру» мамандарымен *әріптестік негізінде* онлайн әдістемелік күнді ұйымдастыру әсіресе логопед-дефектолог мамандар үшін тиімді болды. Өздеріңізге белгілі, инклюзивті білім беруді дамыту маңызды. Соған сәйкес облыста 142 логопункт ашылып, онда 122 логопед маман жұмыс жүргізуде. 31 педагог-ассистент маман алынған. Негізінен жас мамандар. Сондықтан оларға тиісінше қолдау көрсету шаралары одан әрі жоспарлы жүргізілетін болады.

Жыл сайын **«Педагогикалық идеялар жәрмеңкесін»** өткізу дәстүрге айналған. Осы шараны ұйымдастыру барысында шығармашылықпен жұмыс жүргізетін педагогтар, «балабақшаның жүрегі» болып саналатын креативті әдіскерлер, басқару менеджменті мықты меңгерушілер анықталуда. Олардың озық іс-тәжірибелері жыл көлемінде насихатталып, тәжірибе алмасуға және кәсіби білікті педагогтар қатарын толықтыруға мүмкіндік беруде.

Мектепке дейінгі ұйымдардың шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтарын қолдау және ынталандыру мақсатында **«Қашықтықтан оқыту»** бағдарламасы аясында «Оқу сағаты» айдарымен әдістемелік бейнесабақтар түсіріледі. Үздік тәжірибелер облыстық, қалалық телеарналарда, фейсбук желісінде, УЧТВ–ҚЫЗЫЛОРДА каналында насихатталады. Бұл жұмыс педагогтар іс-тәжірибесінің облыс деңгейінде таратылуына, педагогтар санатының көтерілуіне зор ықпал жасап отыр.

Қызылорда облысының білім басқармасының **19.03.2021 жылғы №46-нқ «IT балабақша» пилоттық жобасын** ендіру туралы бұйрығына сәйкес Қызылорда қаласындағы **«Алтын ұя», «Сыр шуағы» бөбекжай бақшалары**

пилоттық білім беру ұйымы ретінде бекітілді. Жобаның мақсаты: мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану болып табылады.

Педагогтар жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілік арттырудан өткізіліп, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануда. Балабақша топтары ***BILIMBOOK*** панельді тақтасымен және интернетпен жабдықталған. «STEAM» кабинеттері ашылып, робот түрлерімен толықтырылған.

**«Тірек білім беру ұйымдарының»** педагогтары цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану кезінде интерактивті панелді тақтада орнатылған ойын түрлерін қолданады. Интернет желісінен тиімді ақпарат көздерін табады. Уақытты үнемді қолдана отырып, шығармашылықпен жұмыс жасайды.

Бүгінгі таңда балалардың сенсорлы тақтада жұмыс жасауға ынталары, қызығушылықтары арта түскен. Өзінің эмоцияларын білдіре алады, ойлау, қабылдау қабілеттерінің дамығанын байқауға болады.

Бұл жобаның үлкен жауапкершілік пен шыдамдылықты қажет ететін жұмыс болғанын айта кеткім келеді. Қазір **«IT балабақша»** базаларында қалалық, облыстық деңгейде семинарлар, әдістемелік күндер ұйымдастырылып, озық тәжірибелерді басқа ұйымдарға тарату арқылы облыс педагогтарының кәсіби дамуына ықпал жасалуда.

Қазіргі таңда Қызылорда қаласындағы «Сыр бөбегі» бөбекжай бақшасын **«Жасыл балабақша» пилоттық жобасына** енгізу жұмыстары жүргізілуде. «ECO LAB» өлкетанушылар жобасы зерттеу жұмыстарын бастады. Осы жобаны жүргізу барысында балалардың командада жұмыс істей білу, өзіне және айналасындағыларға қамқорлық көрсету, жауапкершілікті сезіну дағдыларын дамыту көзделіп отыр.

Жаңашыл, үздік педагогтарды анықтау, олардың озық іс-тәжірибелерін насихаттау мақсатында облыстық байқаулар, фестивальдер жүйелі түрде өткізіледі. Соның нәтижесінде облыс педагогтары **Балаларды Ерте Дамыту Институты** өткізген Республикалық байқауларға белсенді түрде қатысып, жүлделі орындармен марапатталуда. **Байқау нәтижелерімен Бас жүлде-2; I орын-3; II орын-3; III орын-1.**

Қызылорда қаласындағы «Алтын ұя» IT бөбекжай бақшасының музыка жетекшісі Бердибекова З.И. – “Үздік педагог -2020” Республикалық конкурс жеңімпазы, сертификат 2 278 000 теңге;

Қызылорда қаласындағы «Сыр бөбегі» бөбекжай бақшасының музыка жетекшісі Тұрымбетова А. – “2021 жылдың Үздік Педагогі” байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы, сертификат 875 100 теңге;

Қызылорда қаласындағы «Ер Тарғын» бөбекжай бақшасының педагог ұйымдастырушысы Жолаева Л. - 2021 жылдың Үздік Педагогі” байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы, сертификат 875 100 теңге

2021 жылы «Мемлекеттік тілді оқыту бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында өткізілген республикалық шеберлік сыныбында Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Айналайын» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі Э.Алиева жүлделі I орынды;

«Оқу жоспарының варитативтік бөлігіне арналған үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсында Қызылорда қаласы «Сыр жұлдызы» бөбекжай бақшасының меңгерушісі Ж.Муханбеткалиева Бас жүлдені;

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы» республикалық конкурсында Қызылорда қаласы «Сыр бөбегі» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі Н.Құрманалиева жүлделі I орынды; «Мектепке дейінгі ұйым маманы» номинациясы бойынша Қызылорда қаласы «Алпамыс» бөбекжай бақшасының педагог-логопеді Ж.Сағидуллақызы жүлделі II орынды;

2022 жылы «Шымырлық пен шеберлік күні» байқауында Қазалы ауданы №3 «Өрімтал»бөбекжай бақшасы жүлделі I орынды; «Хан талапай» сайысынан Қызылорда қаласы «Бегім ана» бөбекжай бақшасы жүлделі II орынды, «Алпамыс» бөбекжай бақшасы жүлделі III орынды иеленді.

«Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» тәжірибесінен республикалық шебер сыныбында Қызылорда облысы Қармақшы ауданы №23 «Балдырған» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі Ж.Алмұратова Бас жүлдені иеленді.

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі-2022» республикалық байқауында жүлделі II орынды Қызылорда қаласы «Бегім ана» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі Б.Мамыраева иеленді.

Осы орайда, мына бір мәселеге тоқталғым келеді. Барлық конкурс жеңімпаздарының жұмыстары **Балаларды Ерте Дамыту Институты** сайтына орналасқанын білесіздер. Сайттағы әрбір жеңімпаздың жұмысымен таныса отырып, БІЗДЕР республикалық деңгейде үлкен тәжірибе жинақтап, үйреніп, бағыт-бағдар алып отырғанымыз қуантады. Сол үшін ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін.

Қазіргі таңда балабақшаларға қойылатын талап күшейтіліп жатыр. Мектепке дейінгі білім берудің жаңа моделі бойынша бағдарламалардың мазмұнын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Бүлдіршіндерге қолайлы жағдай жасау, оқу-тәрбие жұмыстарын стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастыру, дамыту мен тәрбиелеу тәсілдерін өзгерту мәселелерінде өзекті проблемалар орын алып, ата-аналармен ықпалдастықты күшейту жұмыстарында кемшіліктер кездесуде.

Соған орай, аудандық, қалалық білім бөлімдерімен, әдістемелік бірлестік жетекшілерімен, мобильдік топ мүшелерімен байланысты күшейтіп, педагогтардың сұраныстарын, қажеттіліктерін анықтау бағытында сауалнама жүргізу, сұраныс алу бағытындағы жұмыстарды қолға алудамыз.

Сұранысқа сәйкес әдістемелік көмек көрсетуді жүзеге асыру, оқыту семинарларын ұйымдастыру, шығармашылық тұрғыдағы эксперименттерді жүзеге асыру жұмыстары *аудандар мен Қызылорда қаласының 12 тірек балабақшалары* арқылы жүзеге асырылуда.

*Арал ауданы - «Алтын балық»; Қазалы ауданы –№21 «Алпамыс»; Қармақшы ауданы-№23 «Балдырған», Жалағаш ауданы - №7 «Шұғыла»; Сырдария ауданы -«Қызғалдақ»; Шиелі ауданы – «Айналайын»; Жаңақорған ауданы –«Болашақ»; Қызылорда қаласы – «Алтын ұя» ІТ, «Сыр шуағы» ІТ , «Сыр бәбегі»; «Алпамыс» балабақшалары.*

*Сонымен бірге әдістемелік бірлестік жұмысы (КМО) тиімділігін көрсетіп отыр. Қызылорда қаласында 28 мемлекеттік (677 педагог);* 208 жекеменшік (1462 педагог), 5 шағын орталықта (12 педагог) , барлығы 2151 педагог 7 әдістемелік аймаққа бөлініп, жұмыс жасайды. Әдістемелік аймақ жетекшілері мен жүргізілетін жұмыс жоспарлары бекітіліп, жыл көлемінде тәжірибе алмасу жүйелі өткізіледі.

Өздеріңізге белгілі, пандемия жағдайында мектепке дейінгі ұйымдар ғана жұмыс жасады. Онлайн форматта жұмыс жүргізудің, ұйымдастырудың өзіндік қиындықтары болды. Соған сәйкес, педагогтардың ІТ сауаттылығын арттыру, ЗУМ платформасында жұмыс жасау тәртіптері мен ережелерін үйрету бағытында тиісті жұмыстар әлі де жүргізіліп келеді.

Қашықтықтан оқыту форматында «Біз мектепке барамыз» айдарымен 74 бейне сабақ түсіріліп, УЧТВ–КЫЗЫЛОРДА каналына жүктеліп отырды. (мысалы: «Ер Тарғын» б/б тәрбиешісі өткізген сабақ 15 мың қаралым)

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының тапсырмасымен Шиелі ауданы “Айналайын” балабақшасының тәрбиешісі Құрманғалиқызы Гүлжанаттың тобында түсірілген бейне сабақ *online.edu.kz республикалық білім беру порталына орналастырылды.*

Жас мамандарға қолдау көрсету мақсатында перспективалық жоспар, апталық циклограмма Үлгілері дайындалып, электронды почталарға жіберілді. Соның нәтижесінде, мемлекеттік-жекеменшік балабақша педагогтары әдістемелік қолдауды сезінеді, ұсыныстарын білдіріп, әрдайым көмек сұрай алады.

Құрметті әріптестер! Қазіргі таңда **Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі** басшылыққа алатын негізгі құжатымызға айналды. Білім берудің жаңа моделі бойынша баланы ойын түрінде дамыту қолға алынып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Осы орайда, іс-тәжірибе алмасу мақсатында тәжірибе алаңдарын әрбір облыстарда өткізу практикасын жандандыру қажет деп ойлаймын. Мектепке дейінгі ұйымдардың озық идеяларын, сапалы қызметін, ең бастысы шығармашыл педагогтарын танысақ, білсек, байланыс жасасақ, үйренсек тиімді болар еді. Сонда ғана модельді іске асыру бағытында нәтижелі жұмыс жүргізетінімізге сенемін.

**Тыңдағандарыңызға рахмет!**